

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Жұмыс күндері: сейсенбі, бейсенбі

Жауапты мамандар: меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) баланы тәрбиелеу, дамыту, оқыту, әлеуметтендіру және мектепке дайындау мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік консультациялық көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуына жағдай жасау бойынша кеңес беру;
- баланың сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыт-бағдар беру;
- ата-аналарға үй жағдайында баламен тиімді жұмыс жүргізу жолдарын ұсыну;
- бала тәрбиесіндегі ата-ана мен педагогтің ынтымақтастығын нығайту;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздігі мен психологиялық әлауқатына қатысты кеңес беру;
- ата-аналардың жеке сұраныстарына сәйкес консультациялық көмек көрсету.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Айы	Консультация/іс-шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	«Консультациялық пункт – ата-анаға қолдау алаңы»	Таныстыру, кеңес	Меңгеруші, әдіскер
2	Қыркүйек	«Баланың балабақшаға бейімделуіне қалай көмектесуге болады?»	Жеке консультация	Педагог-психолог
3	Қазан	«Мектепке дейінгі баланың жас ерекшеліктері»	Консультация	Әдіскер

4	Қазан	«Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту»	Практикалық кеңес	Тәрбиеші
5	Қараша	«Бала тілін дамытудағы ата-ананың рөлі»	Консультация	Тәрбиеші
6	Қараша	«Үй жағдайында сөйлеуді дамытатын ойындар»	Шеберлік сағаты	Тәрбиеші
7	Желтоқсан	«Баланың эмоциясын түсіну және қолдау»	Психологиялық кеңес	Педагог-психолог
8	Желтоқсан	«Балаға дұрыс талап қоя білеміз бе?»	Тренинг	Педагог-психолог
9	Қаңтар	«Баланың күн тәртібі және оның маңызы»	Консультация	Тәрбиеші
10	Қаңтар	«Баланың дербестігін қалыптастыру»	Практикалық кеңес	Тәрбиеші
11	Ақпан	«Ерте жастан кәсіпке баулу»	Консультация	Әдіскер, тәрбиеші
12	Ақпан	«Баланың қаржылық сауаттылығын ойын арқылы дамыту»	Практикум	Тәрбиеші
13	Наурыз	«Отбасындағы ұлттық құндылықтар тәрбиесі»	Әңгіме-консультация	Әдіскер
14	Наурыз	«Отбасылық ойын – бала мен ата-ананы жақындастырады»	Практикалық кездесу	Тәрбиеші
15	Сәуір	«Баланы мектепке дайындау: ата-ана нені білуі керек?»	Консультация	Әдіскер
16	Сәуір	«Мектепке психологиялық дайындық»	Тренинг	Педагог-психолог
17	Мамыр	«Баланың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру»	Кеңес, жадынама	Тәрбиеші
18	Мамыр	«Жазғы кезеңдегі бала қауіпсіздігі»	Ақпараттық кеңес	Менгеруші, тәрбиеші
19	Маусым	«Жазда баламен ойнайтын дамытушы ойындар»	Практикум	Тәрбиеші
20	Маусым	Гаджеттерді тиімді пайдаланудың жолдары»	Психологиялық кеңес	Педагог-психолог

21	Шілде	«Бала мен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынас»	Консультация	Педагог-психолог
22	Шілде	«Шығармашылық арқылы баланың қабілетін дамыту»	Шеберлік сағаты	Тәрбиеші
23	Тамыз	«Жаңа оқу жылына баланы дайындау»	Консультация	Әдіскер
24	Тамыз	«Ата-ана мен педагог – бала дамуының серіктестері»	Дөңгелек үстел	Меңгеруші, әдіскер

Жұмысты тіркеу

Консультациялық пунктке ата-аналар жүгінген жағдайда:

- ата-ананың өтініші қабылданады;
- консультация жүргізу журналына тіркеледі;
- консультация тақырыбы мен нәтижесі көрсетіледі;
- қажет болған жағдайда ата-анаға жадынама немесе практикалық ұсыныс беріледі.

Ескерту: ата-аналар немесе балалар жүгінбеген кезеңдерде журналға нақты консультация өткізілді деп жазылмайды. Жыл соңындағы қорытындыда жүгіну саны нақты көрсетіледі.

Жоспарды құрастырған:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

"Еркемай" жеке бөбекжайының директоры



Г.Амирова